

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӨНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2003 ж. « 21 » 03 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 030340001539
№ 13195-1901-АК

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӨНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2010 ж. « 06 » 10 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 030340001539
№ 6990-1301-КАО-АК
Бастапқы тіркелген күні
2003 ж. « 21 » 03

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігінің
2020 жылғы « 4 » 09
№456 бұйрығының қосымшасы



«НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

1-бап. Жалпы ережелер

1. «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) оның атауын, орналасқан орнын, қалыптасу тәртібін және оның органдарының құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату талаптарын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құрылған заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

3. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Международный аэропорт Нурсултан Назарбаев»;

3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «International airport Nursultan Nazarbayev».

Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «Международный аэропорт Нурсултан Назарбаев»;

3) ағылшын тілінде: JSC «International airport Nursultan Nazarbayev».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 010014, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 119 ғимараты, пошта индексі 010000.

5. Қоғамның қызмет мерзімі шектеусіз.

6. Қоғамның құрылтай құжаты Жарғы болып табылады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация министрлігінің «Астана халықаралық әуежайы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» 2002 жылғы 27 қыркүйектегі №1062 қаулысына сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының, сонымен қатар мемлекеттің қатысуы бар өзге де заңды тұлғалардың және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сонымен қатар жеке тұлғалардың меншігіндегі және жарғылық капиталына тапсырылған стратегиялық объектілердің тізбесін бекіту туралы» 2008 жылғы 30 маусымдағы №651 қаулысына сәйкес, Қоғамның 100% мөлшеріндегі акциялар пакеті және мүліктік кешені стратегиялық объектілер тізбесіне енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» 2013 жылғы 04 наурыздағы №207 қаулысына сәйкес, Қоғамның 100% мөлшеріндегі мемлекеттік акциялар пакеті республикалық меншікке қабылданды.

8. «Астана халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 4 мамырдағы № 249 қаулысымен Қоғам акцияларының 100% мөлшеріндегі мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне (бұдан әрі – Жалғыз акционер) берілді.

«Астана халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 381 қаулысына сәйкес

Қоғам «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы болып қайта аталды.

9. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады. Қоғамның дербес балансы бар, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық және шетел валютасында шоттар ашуға құқығы бар, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, мөртаңбалары мен бланкілері және басқа да деректемелері болады. Қоғамның өз тауар белгісі мен рәмізі болуы мүмкін, олардың үлгілерін Қоғам бекітеді және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

10. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11. Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп, жүзеге асыра алады, міндеттер атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

12. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

13. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған тәртіпте ол орналасқан жерден тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде Қоғам атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2-бап. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

1. Қоғам өз мүлігі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.

2. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды. Жалғыз акционер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды есептемегенде, оларға тиесілі акциялардың құны шегінде, Қоғам қызметімен байланысты шығындар тәуекеліне бармайды.

3. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3-бап. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

1. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның Жалғыз акционері немесе Жарғысында белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді-көшірмелер алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттарды іздестіруді және іріктеуді жүзеге асыруға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

7) Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс жасау) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге;

- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және Қоғамға сауал түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;
 - 9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да құнды қағаздарын заңда белгіленген тәртіпте басымдықпен сатып алуға;
 - 11) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің қарауына қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
 - 12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 13) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге құқылы.
2. Қоғамның Жалғыз акционерінің осы Жарғының 1-тармағында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
 3. Қоғамның Жалғыз акционері:
 - 1) акцияларға төлем жасауға;
 - 2) он жұмыс күні ішінде орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
 - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.
 4. Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы Жалғыз акционердің Жарғының осы бабы 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

4-бап. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

1. Қоғам қызметінің мақсаты ұшулар қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті, әуе қозғалысына және әуе кемелеріне, жолаушылар мен багажға, пошта мен жүктерге тиімді қызмет көрсетуді, сонымен қатар әуежайлық қызметті халықаралық стандарттар мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қамтамасыз ету, сонымен қатар жеке шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында табыс табу болып табылады.
2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері келесілер болып табылады:
 - 1) әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, шығару және оларға қызмет көрсету, багажды, пошта жөнелтілімдерін, жүктерді өңдеу, оларды тексеру және бақылау;
 - 2) әуе кемелерін күтіп алуды және шығаруды қамтамасыз ету;
 - 3) әуеайлақ, әуежай, аэронавигация объектілерін ұстау, жөндеу және пайдалану;
 - 4) әуежайдың авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бақыланатын аймақта бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету, азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын, суық қаруды, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды, сондай-ақ химиялық өзін-өзі қорғау құралдарын пайдалана отырып, күзет қызметін жүзеге асыру;
 - 5) авиациялық қауіпсіздік бойынша қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру мақсатында оқу орталығын ұйымдастыру;
 - 6) әуеайлақ, әуежай, аэронавигация объектілерін және басқа да объектілерді өртке қарсы қамтамасыз ету;
 - 7) әуе кемелерінің ұшуын жарық-техникалық қамтамасыз ету және әуеайлақ, әуежай, аэронавигация объектілерін және басқа да объектілерді энергиямен жабдықтау;
 - 8) әуежай объектілерін, қызметтерін және басқа да объектілерді жылумен (жылу энергиясымен) қамтамасыз ету, су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелерінің

қызметтері, қалдықтарды шығару;

9) әуе кемелерін, әуежай объектілері мен қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету, олардың сапасын бақылау, сондай-ақ авиациялық және автомобиль көлігіне арналған жанар-жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтарды сатып алу, сақтау, сату, оның ішінде көтерме-бөлшек, жанар-жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтарды сатып алу;

10) әуе кемелерін пайдаланушыларға және басқа тұтынушыларға арнайы автокөлік құралдары мен жабдықтарын беру;

11) әуежайда және әуе кемелерінде жолаушылар мен экипаждарды тамақпен қамтамасыз ету;

12) жолаушыларға, экипаждарға, халыққа азаматтық авиация саласындағы қажетті ақпаратпен ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

13) жолаушылар мен экипаждарға ұзақ уақыт болу үшін орын беру;

14) жарнаманы өндіру, тарату, орналастыру және пайдалану;

15) әуежайда және аэровокзалдарда орын беру;

16) әуежай, аэровокзал аумағындағы және оған іргелес аумақтағы бажсыз сауда дүкендерін, басқа да сауда нүктелерін және қоғамдық тамақтану пункттерін басқару;

17) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтер, оның ішінде әуе кемелерінің техникалық құжаттамасын сүйемелдеу;

18) негізгі қызметті жүзеге асыру үшін медициналық және дәрігерлік қызметпен айналысу және медициналық және дәрігерлік қызмет бойынша қызметтер көрсету;

19) әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін атом энергиясын пайдалануға байланысты, ядролық материалдармен, иондаушы сәулелену көздерімен (медициналық мақсаттағы рентгендиагностикалық қондырғылардан басқа) және радиоактивті заттармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет түрлері;

20) әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін өлшеу құралдарын тексеру, өндіру және жөндеу;

21) қолма-қол шетел валютасына қызмет көрсету, оның ішінде авиациялық қызмет көрсету, сондай-ақ валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар;

22) тасымалдарды, оның ішінде авиатасымалдарды сату;

23) әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін қауіпті жүктерді тасымалдау;

24) уақытша сақтау қоймаларын ұйымдастыру және пайдалану, кеден брокерінің қызметтері;

25) әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты жұмыс;

26) әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін жел және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, сақтау және сату;

27) әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, улардың, химиялық (ұлтты) заттардың, химиялық қорғау құралдары мен өнеркәсіптік қалдықтардың айналымына байланысты қызмет: тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, тарату, сату, пайдалану, жою;

28) жолаушыларға, клиенттерге және әуежайдың басқа да тұлғаларына арналған қонақ үй шаруашылығын ұйымдастыру және ұстау, жолаушылардың, шығарып салушылардың, қарсы алушылардың және басқа тұлғалардың автокөліктері үшін ақылы тұрақтарды ұйымдастыру;

29) қайырымдылық, демеушілік қызмет;

30) әуежай қызметін қамтамасыз ету үшін сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

31) әуежайлық қызметті қамтамасыз ету үшін ақпараттық-техникалық, сауда-делдалдық, жарнамалық қызмет;

32) әуе кемесінің ұшуын және қонуын қамтамасыз ету;

33) қону әуежайында өңдеуге (тиегуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (пошта) болған кезде әуе кемелерінің жүк және жүк-жолаушы сертификатталған үлгілері үшін жолаушылар үшін қонғаннан кейін үш сағаттан және алты сағаттан артық әуе кемесіне тұрақ орнын беру;

34) базалық әуеайлақта әуе кемесіне тұрақ орнын беру;

35) жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңын) беру;

36) жолаушыларды тіркеу;

37) жолаушыларға қызмет көрсету;

38) жолаушылардың арнайы санаттары үшін арнайы құралдар және қызмет көрсету (мүмкіндігі шектеулі жолаушылар, депортацияланатын жолаушылар, ілесіп жүрмейтін балалар және басқалар);

39) жолаушыларды әуе кемесіне дейін және кері жеткізу (жолаушыларды тасымалдау үшін әуеайлақтық автобус беру);

40) телескоптық трап арқылы жолаушыларды отырғызу-түсіру;

41) жылжымалы траптар арқылы жолаушыларды отырғызу-түсіру;

42) багажды өңдеу;

43) келетін және шығатын жүктерді (поштаны) өңдеу;

44) багажды, жүкті және поштаны тасымалдау;

45) багажды, жүк пен поштаны тиеу және түсіру;

46) жүктеуді бақылау және жүктеуді бақылау жөніндегі маманның қызметтері;

47) жүкті жүк терминалында жиырма төрт сағаттан артық сақтау;

48) әуе кемесіне авиациялық жанар-жағармай материалдарын құю;

49) әуе кемесін тіркеп сүйреу;

50) әуе кемесін тіркеп сүйреу үшін арнайы техникалық құралдарды беру;

51) әуе кемелерінің санитарлық тораптарына (дәретханаларына) арнайы автокөлікпен қызмет көрсету;

52) әуе кемесіне ауыз су құю;

53) әуе кемесін ауыз сумен толтыру үшін арнайы автокөлікпен қамтамасыз ету;

54) электр қуатының жылжымалы көзін ұсына отырып, әуе кемесіне электр энергиясын беру;

55) электр қуатының стационарлық көзін ұсына отырып, әуе кемесіне электр энергиясын беру;

56) әуе кемесінің бетінен қарды, мұзды, инейді кетіруге (арнайы сұйықтықпен) арналған арнайы құралдарды беру;

57) АКЗС пайдалана отырып, жүйені оттегімен толтыру;

58) әуе кемесіне азот құю;

59) авиақозғалтқыштарды әуеде іске қосу қондырғысын ұсыну;

60) әуе кемесін алып жүру;

61) электр энергиясын беру және (немесе) тарату;

62) азаматтық авиация ұйымдарының: әуе кемесін ұшуға дайындау кезінде; жолаушыларға, багажға, жүктер мен поштаға қызмет көрсету процесіне қатысатын қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру;

63) арнайы бағдарламалар беру;

64) экипажды әуе кемесіне және кері жеткізу (экипаждарды тасымалдау үшін автокөлік беру);

65) экипажды/авиакомпания өкілдерін тіркеу орнынан әуе кемесінің бортына дейін (немесе әуе кемесінің борттан шекаралық бақылауға дейін) алып жүру;

66) әуе кемесінен қоқысты шығаруды және жоюды қоса алғанда, әуе кемесінің ішін жинау;

67) негізгі мақсаттарға қол жеткізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да авиациялық және авиациялық емес кірістер алуға ықпал ететін өзге де қызмет.

3. Қандай да бір қызмет түрін, соның ішінде осы Жарғының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыру үшін құзыретті органның арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) немесе халықаралық органдардың рұқсаты және/немесе тіркеу қажет болған жағдайда, Қоғам аталған қызмет түрін белгіленген тәртіпте сәйкесінше рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін, сонымен қатар оған толығымен сәйкес түрде жүзеге асырады.

5-бап. Қоғамның мүлкі

1. Қоғамның мүлкі:

- 1) оның қызметі нәтижесінде алынған табыстардан;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктен қалыптасады.

6-бап. Акциялар, облигациялар, құнды қағаздарды орналастыру шарттары

1. Қоғам жай акциялар не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Жай акция Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын шешімдерді қабылдау құқығын береді.

2. Акциялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында айқындалады және қоғамның барлық шығарылымдарының акциялары үшін бірыңғай болуға тиіс.

3. Акцияларды орналастыру, айналысқа шығару, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

4. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

5. Акция бөлінбейді.

6. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді тек орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.

Қоғам орталық депозитариймен Қоғам акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу мақсатында құжаттарды уәкілетті органға бергенге дейін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы шарт жасасуға міндетті.

Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ уәкілетті органға ол бойынша ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында айқындалады.

7. Қоғам сатып алған өз акциялары туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

8. Жалғыз акционердің Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын құжаттар ретінде орталық депозитарийден үзінділер қызмет етеді.

9. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

10. Қосымша қаражат тарту үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығару проспектісінде айқындалады.

11. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын бір «алтын акция» енгізілуі мүмкін.

«Алтын акцияның» иесі Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғамның атқарушы органының шешімдеріне Қоғамның Жарғысында белгіленген мәселелер бойынша ветоға құқығы бар.

«Алтын акциямен» куәландырылған вето салу құқығы тапсыруға жатпайды.

12. Қоғам шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында белгіленетін басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

7-бап. Дивидендтер

1. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Жалғыз акционердің шешімімен көзделген өзге де мақсаттарға бағытталады.

2. Жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана және егер мұндай төлем Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайда Жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы Жалғыз акционердің шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі.

Қоғамның Жалғыз акционерінің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуы тиіс

3. Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен шығару, егер Заңда және (немесе) акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзгесі көзделмесе, оларды жаңа меншік иесінің алу құқығымен жүзеге асырылады.

4. Дивидендтерді төлеу Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

5. Жалғыз акционер жыл қорытындысымен жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің орынсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы.

6. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

7. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.

8. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның жылдық аудиторлық есептілігі бекітілгеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.

8-бап. Қоғам органдары

1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
 - 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
 - 3) атқарушы орган – Басқарма;
 - 4) бақылау органы - ішкі аудит қызметі болып табылады.
2. Қоғам Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес өзге де органдар құра алады.
3. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын Қоғамды басқару ерекшеліктері «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.
4. Қоғам банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіпте уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша немесе банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

9-бап. Қоғамның Жалғыз акционері

1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешімдерді тиісті саланың уәкілетті органы қабылдайды, оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның акцияларын иелену және пайдалану құқығы беріледі.

2. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешім қабылдауы үшін Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды атқарушы орган, орталық депозитарий (қоғаммен жасалған шартқа сәйкес), Директорлар кеңесі, Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

3. Мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаруға Қоғамның Директорлар кеңесі, Жалғыз акционері бастамашылық етеді, ал Қоғамды ерікті тарату процесінде тарату комиссиясы да бастамашылық жасай алады.

4. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) Тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе шығарылған жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидат Жалғыз акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығы көрсетілуі тиіс.

5. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

6. Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

- 5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 10) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 11) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 12) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 13) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомлада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 14) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпеген болса, әдістемені бекіту);
 - 15) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғамның Жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
 - 16) «алтын акцияны» енгізу және жою;
 - 17) нәтижесінде құны Қоғамның елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне Қоғамның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғамның иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;
 - 18) Басқарма төрағасын сайлау, оның мерзімін белгілеу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 19) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оны қабылдаған жағдайда оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 20) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 21) шешімдер қабылдау осы Заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.
7. Акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағында айқындалған, шешімі мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша қабылданатын мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша дербес шешімдер қабылдайды.

10-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі

1. Директорлар кеңесі Заңмен және Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің алдында Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін жауапты болады.

3. Егер заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

6) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар беру;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Басқарма төрағасын қоспағанда, атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, атқарушы органның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;

10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) Қоғамның есеп саясатын, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

- 19) Қоғамның орта мерзімді даму жоспарын (бизнес-жоспарын, бюджетін) бекіту, сондай-ақ орта мерзімді даму жоспарына (бизнес-жоспар, бюджет) түзетулерді бекіту;
- 20) Қоғамның резервтік және басқа да қорларын қалыптастыру (қажет болған жағдайда) туралы шешім қабылдау;
- 21) Қоғамның жұмыскерлерінің жалпы санын және ұйымдық құрылымын бекіту;
- 22) Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын барлық мәселелерді алдын ала қарау;
- 23) осы Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
4. Тізбесі осы Жарғының 3-тармағында белгіленген мәселелерді Қоғам атқарушы органының шешімі үшін беруге болмайды.
5. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес атқарушы органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
6. Жеке тұлға ғана Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесі мүшесінің Заңға және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.
7. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционердің жеке тұлғалары, Қоғамның Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар, тәуелсіз директорлар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де тұлғалар арасынан сайланады.
8. Атқарушы органның мүшелері, оның басшысынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
9. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
10. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар ретінде сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленеді және Қоғамның үлестес тұлғасы болмауы және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) болмауы, Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болмауы тиіс; Қоғамның немесе Қоғамның үлестес тұлғалары Қоғамның және ұйымдардың лауазымды тұлғаларына бағыныштылықпен байланысты емес және оларды Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы 3 (үш) жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныштылықпен байланысты емес; мемлекеттік қызметші болып табылмауы; Қоғам органдарының отырыстарында Жалғыз акционердің өкілі болып табылмауы және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде өкілі болып табылмауы; Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспаған және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған болуы тиіс;
11. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлануы мүмкін.
12. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.
13. Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетілуі тиіс.
14. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Қоғамның жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

15. Бос лауазымды алмастыру үшін сайланған Директорлар кеңесінің мүшесі жалпы Директорлар кеңесі өкілеттігінің қалған мерзіміне сайланады.

16. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

17. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

Егер Қоғам Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

18. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;
- 3) Жалғыз акционердің ұсынымы бойынша Қоғамның атынан Қоғамның атқарушы органының басшысымен еңбек шартын жасасады;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген өзге де мәселелерді орындайды.

19. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

20. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша не келесі тұлғалардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) ішкі аудит қызметтері;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционері.

21. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

22. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

23. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

24. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

25. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтуы тиіс..

26. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешімді Директорлар Кеңесінің төрағасы қабылдайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын сырттай өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сырттай дауыс беруге арналған бюллетень ұсынылады, ол бірыңғай нысан бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылады. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасы қол қоюы тиіс.

27. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

28. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс («телефон кеңесі» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның атқарушы органына оның Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада болуы тиіс:

- 1) жасалған күні;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің пікірін жазбаша хабарлама жіберу арқылы білдіретін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша айқын көрсетілген ұстаным;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі адамының қарауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыстың хаттамаларына тігіледі, онда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс беруі туралы жазба жасалады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Директорлар кеңесінің хатшысына Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін беруі тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша бұрын жазбаша хабарлама берген Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Директорлар кеңесінің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

29. Директорлар кеңесі, егер оның отырысына Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері санының кемінде жартысы қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны аталған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі жаңа мүшелерін сайлау үшін Қоғамның Жалғыз акционеріне жүгінуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қоғамның Жалғыз акционеріне осындай өтініш жасау туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

30. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде) ескере отырып айқындалуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

Жалғыз акционер, егер шешіммен Қоғамның және (немесе) жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Заңның және Жарғының талаптарын бұза

отырып қабылданған Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен келіспей, сотқа жүгінуге құқылы.

31. Жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Егер тәуелсіз директорлардан басқа Директорлар кеңесінің барлық мүшелері осындай мәмілені жасауға мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

32. Дауыстар тең болған, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасау туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда, қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты мәмілені жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

33. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

34. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасы қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді Директорлар кеңесінің хатшысына беру күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберген кезде Директорлар кеңесінің хатшысы олардың дұрыс және біркелкі жасалғанын өз қолымен куәландырады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімінде:

- 1) Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адамды (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы (болмауы) туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;

8) өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

35. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, аталған хаттаманы отырыс өткізілген күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы жасауға және қол қоюға тиіс, оның мазмұнында келесі ақпарат көрсетілуі керек:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруі туралы жазба (мұндай жазбаша хабарлама болған жағдайда);

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

36. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.

37. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған қолмен және Қоғамның мөр бедерімен расталған хаттама мен шешімнің үзінділерін беруге міндетті.

38. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа мәселелер.

Осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен және сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына Жарғының осы бабының 38 – тармағы екінші бөлігінің 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

39. Директорлар кеңесінің мүшелері осы Жарғыда көзделген қызметтік міндеттерін орындамаған кезде Жалғыз акционердің шешімі және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде кез келген уақытта қызметінен шеттетілуі мүмкін. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

40. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және өз өкілеттіктерін лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыратын Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінде өз өкілеттіктерін жүзеге асырғаны үшін сыйақы алмайды.

41. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтуы тиіс.

42. Хаттамада көрсетілетін міндетті мәліметтердің тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

43. Директорлар кеңесі:

1). мүдделердің ықтимал қақтығыстарын лауазымды тұлғалар деңгейінде, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалану және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жоюы;

2). Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғам мен оның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етуі;

4) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір шығаруы тиіс.

11-бап. Қоғам Басқармасы

1. Ағымдағы қызметті басқаруды Қоғам Басқармасы жүзеге асырады.

Басқарма Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қояды және дауыс беруге қойылған мәселелерді, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын қамтуы тиіс.

Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәміле жасасу кезінде тараптар осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғам өзінің Басқармасы Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.

2. Қоғам Басқармасы мүшелерінің саны Басқарма төрағасын қоса алғанда, кемінде 3 (үш) мүшені құрауы тиіс.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасы атқарушы органның басшысы не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға, басқа заңды тұлға лауазымын атқаруға құқылы емес.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен айқындалады. Басқарма төрағасымен Қоғам атынан еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

12-бап. Қоғамның Басқарма төрағасының өкілеттігі

Басқарма төрағасы:

1) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
- 4) Қоғам жұмыскерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға мадақтау шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының және еңбекақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның Басқармасы мен Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда, Қоғам жұмыскерлері сыйақыларының мөлшерін айқындайды;
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;
- 7) Жарғыда және Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13-бап. Ішкі аудит қызметі

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады.
2. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар кеңесі мен Басқарманың құрамына сайлана алмайды.
3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

14-бап. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің қағидаттары және жауапкершілігі

1. Қоғамның лауазымды тұлғалары:
 - 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғамның, Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдаланады;
 - 2) Қоғамның мүлкін Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің Жарғысына және шешімдеріне қайшы пайдаланбауға немесе пайдалануға жол бермеуге, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланбауға және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдаланбауға тиіс;
 - 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
 - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылайды;
 - 5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде сақтауға міндетті.
2. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің іс-әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін және Қоғамның шеккен залалдары үшін, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, келесі жағдайларда пайда болған шығындар үшін, Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады:
 - 1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
 - 2) Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібі бұзылған;

3) Қоғамның теріс пайдалы іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) алуы мақсатында зияндардың туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуға ұсыныстар және (немесе) жасасу туралы шешімдер қабылдау.

Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген жағдайларда Жалғыз акционердің ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдауы оларды жасасуға ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүшесі болып табылатын Қоғам органының отырысында, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының пайда (табыс) алуы мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілген болса, жауапкершіліктен босатпайды.

3. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде лауазымды тұлғаға оның Қоғамға келтірген зиянды не залалдарды Қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ лауазымды тұлға жосықсыз іс-әрекет жасаған және (немесе) әрекет етпеген жағдайда, лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Сот органдарына өтініш бергенге дейін Жалғыз акционер Қоғамның лауазымды тұлғалары келтірген залалдарды Қоғамға өтеу туралы мәселені шығару және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Жалғыз акционердің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не осы тармақта белгіленген мерзімде оны алмаған соң Жалғыз акционер көрсетілген мәселе бойынша Жалғыз акционердің Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінгенін растайтын құжаттар болған кезде өз атынан Қоғамның мүдделерін қорғау үшін сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.

4. Мәмілені жасауға мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілген мәмілені жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғамның органы қабылдаған, Қоғамға не Жалғыз акционерге залал келтіруге әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептер бойынша дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

Лауазымды адам, егер оның Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің Заңда белгіленген қағидағарын сақтай отырып, шешім қабылдау сәтінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені дәлелденсе және мұндай шешім Қоғамның мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде санаса, коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

5. Меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасауға сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған Қоғамның лауазымды адамдары Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы жойылған не алынып тасталған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл ішінде Қоғамның лауазымды адамдарының міндеттерін орындай алмайды..

6. Егер Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмалаған жағдайда, Қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған Қоғамның лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық залал келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауапты болады.

7. Осы баптың мақсаттары үшін анықтамалар деп мыналар түсініледі::

жосықсыз, яғни нәтижесінде Қоғамға кәдімгі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын залалдар келтірілген, Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің осы Заңда белгіленген қағидаттарын бұза отырып, ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы Қоғамның мүддесінде емес шешім (жасасуға ұсыныс) қабылдау;

әрекетсіздік, яғни ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау кезінде Қоғамның лауазымды тұлғасы қалыс қалды, соның нәтижесінде Қоғамға әдеттегі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмаған залал келтірілген не дәлелді себептерсіз дауыс беруге қатыспады.

15-бап. Қоғамның қаржылық есептілігі және аудиті

1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарында белгіленеді.

2. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

3. Қоғамның атқарушы органы жыл сайын Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржылық есептіліктен басқа, атқарушы орган аудиторлық есепті ұсынады.

4. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғамның есебінен не Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Жалғыз акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

5. Егер Қоғам Басқармасы Қоғам аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

6. Жылдық қаржылық есептілікті Қоғамның Директорлар кеңесі оны жалғыз акционерге бергенге дейін алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Жалғыз акционердің шешімімен жүргізіледі.

7. Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ Заңда және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс.

16-бап. Жалғыз акционерге қызмет туралы ақпарат беру, Қоғамның ақпаратты ашу тәртібі. Қоғамның құжаттары

1. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті.

2. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті. Жалғыз акционерге белгілі болған «құпия», «қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар Қоғамның қызметі туралы ақпарат жазбаша немесе өзге нысанда үшінші тұлғаларға берілмейді. Осындай ақпараты бар Жалғыз акционер оны құпия сақтауға міндетті. Құпия ақпаратты ашу Қоғамның атқарушы органы басшысының рұқсатымен ғана мүмкін болады, олай болмаған жағдайда Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

3. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша нысанда жүгінеді. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен, бірақ мұндай талап Қоғамға келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараты бар бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысының және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттейтін құжаттар Жалғыз акционерге оның талап етуі бойынша танысу үшін ұсынылуы тиіс.

4. Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төлемнің мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындауға және акционерге құжаттарды жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуге арналған шығыстардың құнынан аспауы тиіс.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастыруды қамтамасыз етеді.

6. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат беру Заңға және Қоғамның жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына жеткізу) мерзімі көзделмесе, осы ақпарат ол туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына жеткізіледі).

Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы ақпарат Қоғам корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде акционерлерге берілуі тиіс.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

7. Қоғамның оның қызметіне қатысты құжаттары Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша немесе Басқарманың шешімі бойынша өзге жерде оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақтауға жатады.

Мынадай құжаттар сақталуға тиіс:

- 1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Жалғыз акционердің шешімі, Жалғыз акционердің шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 3) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- 4) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға арналған лицензиялары;

- 5) Қоғамның өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
 - 6) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;
 - 7) Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді бекіту
 - 8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
 - 9) Жалғыз акционердің шешімдері және акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
 - 10) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай отырыстардың шешімдерінің) хаттамалары және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
 - 11) атқарушы орган отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары;
 - 12) бар болған жағдайда корпоративтік басқару кодексі
- Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

8. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ол белгілеген тәртіппен ұсынады.

9. Қоғамның Жалғыз акционері мен лауазымды тұлғалары Жарғыны бекіткен күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде, сондай-ақ үлестендірудің пайда болуына қарай ол пайда болған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты Қоғамға ұсынады.

Бұрын Қоғамның жалғыз акционері немесе лауазымды тұлғасы үлестес ретінде көрсетілген тұлға осындай болуды тоқтатқан жағдайда, Қоғамның Жалғыз акционері немесе лауазымды тұлғасы бұл туралы Қоғамды бес күн мерзімде хабардар етеді.

Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамға бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті талаптарын орындауға мүмкіндік беретін көлемде беріледі.

17-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру

1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосылу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғам бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде Қоғамның кредиторлары борышкер Қоғам болып табылатын міндеттемені мерзімінен бұрын тоқтатуды және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

3. Егер қайта ұйымдастырылған жағдайда Қоғам өз қызметін тоқтатса, оның акцияларын шығару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

18-бап. Қоғамды тарату

1. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

2. Қоғамды тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

19-бап. Қорытынды ережелер

1. Егер Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болса, онда бұл оның қалған ережелерінің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келетін басқа ережемен ауыстырылады.

2. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

**«Нұрсұлтан Назарбаев
халықаралық әуежайы» АҚ
Басқарма төрағасы**



Г. Тажимуратов

